

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 93 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 шілдеде № 11670 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Бақылау және қадағалау әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау
және қадағалау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының "Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының өз сақтанушыларына заемдар беру және сатып алу сомасын есептеу ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі № 274 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3190 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2005 жылғы 23 тамызда № 90 (714) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының өз сақтанушыларына заемдар беру және сатып алу сомасын есептеу ережесінде:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының өз сақтанушыларына заемдар беру және сатып алу сомасын есептеу ережесі "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 1-тармағына және 43-бабының 9-3) тармақшасына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және исламдық сақтандыру ұйымдарын қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының (бұдан әрі - сақтандырушы) сатып алу сомасының шегінде өзінің сақтанушыларына қарыздар беру тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ сатып алу сомасын есептеу тәртібін белгілейді.";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының өз сақтанушыларына қарыздар беру жөніндегі қызметті "өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары жүзеге асырады.".

**2. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
Басқармасының 12.02.2021 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнгізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының "Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық - құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды және ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" 2010 жылғы 1 наурыздағы № 28 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6156 тіркелген, 2010 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында тіркелген, № 12, 2010 жылы 30 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 450-451 (26294) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталынсын;

осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілген Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу ережесінде және аннуитет шарты мен сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптарда:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ағымдағы құн факторындағы аннуитеттік төлемдер құнын анықтау кезінде болжамдық ұлғаю мөлшеріне әрбір қосылғышты түзету арқылы инфляцияның болжанатын деңгейінің орташа мәніне теңбе-тең аннуитеттік төлемді индексациялау ескеріледі.

5. Аннуитеттік төлемдер құнын есептеу халықтың өлім-жітімі туралы деректер, инфляцияның болжанатын деңгейінің орташа мәні және аннуитет шартының талаптарын ескере отырып кірістіліктің пайыздық мөлшерлемесінің мөлшері негізінде жүргізіледі."

6. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 257 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.04.2026 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2018 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ұйымын
кұруға рұқсат беру, сондай-ақ
сақтандыру
қайта сақтандыру) қызметін және
сақтандыру
брокерінің қызметін жүзеге асыру
құқығына
лицензия беру ережесіне 1-қосымша
Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын
кұруға рұқсат беру, сондай-ақ
сақтандыру
қайта сақтандыру) қызметін және
сақтандыру
брокерінің қызметін жүзеге асыру
құқығына
лицензия беру ережесіне 6-1-қосымша

Қазақстан Республикасының
Елтаңбасы
Уәкілетті органның толық атауы

**Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының "жалпы
сақтандыру" саласы бойынша исламдық сақтандыру
(қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына
Лицензия**

Лицензияның нөмірі берілген күні _____ жылғы " __ " _____

_____ (ислам сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы)

Осы лицензия:

1. Сақтандыру қызметін:

сақтандырудың ерікті нысанында:

_____ ;
сақтандырудың міндетті нысанында:

2. Қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығын береді.

Бірінші рет алған лицензия туралы деректер:

исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына

_____ ;
(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)
Төраға (Төрағаның орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)) (қолы)

Мөр орны

Алматы қаласы

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын
күруға рұқсат беру, сондай-ақ
сақтандыру
қайта сақтандыру) қызметін және
сақтандыру
брокерінің қызметін жүзеге асыру
құқығына
лицензия беру ережесіне 2-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымын
күруға рұқсат беру, сондай-ақ
сақтандыру
қайта сақтандыру) қызметін және
сақтандыру
брокерінің қызметін жүзеге асыру
құқығына
лицензия беру ережесіне 3-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын
күруға рұқсат беру, сондай-ақ сақтандыру
қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру
брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына
лицензия беру ережесіне 4-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен